

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШТЫҚ ЖӘНЕ НЫҒМЕТ НҰРМАҚОВ

Қабдөшев Б.Ж., т.ғ.к., доцент

Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті
Алматы қ., Қазақстан

Тәркілеу науқаны өткеннен соң, Н.Нұрмақов қызметінен біржола кету жайында шешімге келді. Оның басты себебі үкімет басшысы ретінде қолға алған ойдағы шаруашылық бағыттарын аяғына дейін жеткізе алмай түпкілікті жеңіліске ұшырауы болды. Ендігі, Ф.И.Голощекиннің Қазақстанда күштеп жүзеге асыруға кіріскен содыр, солақай саясатына қарсы тұруға дәрмені жетпей, оны орталықтың қолдап отырғанын білген соң, үкімет басшысы ретінде кейінгі жауапкершілікті мойнына алудан бас тартты. Соңғы өткен ірі шаруашылық науқаны тәркілеудің нәтижелерінің өзі-ақ оған тым ауыр соққы болғаны аян. Біздің ойымызша, алдағы ұстанымы мен қызметі жөніндегі мәселелердің басын ашып алу мақсатымен ол 1929 жылдың 31 қаңтарында Мәскеуге 2 аптаға демалысқа баруға өтініш берген. Н.Нұрмақовтың Мәскеуге жол жүруі жайлы мәселені Қазөлкекомның бюро мәжілісінің қарауына ұсынған Ораз Исаев болды [1].

Мәскеуде Н.Нұрмақовтың жолығып ақылдасқан адамы көрнекті мемлекет қайраткері, орталықта ірі қызметтегі отырған санаулы қазақтың бірі – РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесі төрағасының орынбасары Т.Рысқұлов. Қызмет бабымен де үнемі тікелей хабарласып, ауызба-ауыз сөйлесіп жүргендіктен, Қазақстандағы жалпы жағдайды әсіресе саяси бюродағы орын алған ахуал жайлы Т.Рысқұлов та осы Н.Нұрмақов арқылы біліп отыратын.

Мәскеуден Алматыға келген бетінде Н.Нұрмақов өзінің БОАК жанындағы марксизм-ленинизм курсына оқуға баратындығы жайлы БК(б)П Орталық Комитетінің шешімі негізінде Қазақстан Өлкелік партия комитетінің бюросына үкімет басшысы қызметінен біржола босату жөнінде өтініш берді. 1929 жылдың 28 ақпанында өткен Өлкеком бюро мәжілісіне осы мәселені күн тәртібіне енгізген тағы да Қазақстан Халком Кеңесі төрағасының міндетін атқарушы Ораз Исаев. Бюро “*принять к сведению*” деп қаулы алса әдеттегідей машинкаға басылып қатталған хаттамаға Ф.И.Голощекин қызыл бояумен қол қойған кезде қалыпты қаулыны сызып тастап, астына өз қолымен “*согласиться*” деп, өзгерткен.

Осы қаулы негізінде, Н.Нұрмақов үкімет басындағы қызметімен қоштасып, Мәскеуге кетті. Қазақстан үкіметінің ендігі төрағасы Ораз Исаевтың болатындығын 1929 жылдың басындағы Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесі төрағасының міндетін атқарушы ретінде оның қол қойған құжаттары-ақ баян еткендей, әрі оның Ф.И.Голощекиннің сеніміне кіріп алғандықтан ешкімнің бұл орынға таласы да жоқ еді. Біздің ойымызша, бұл орынға шаруаны жетік білетін сол кездегі Қазхалком Кеңесі төрағасының орынбасары Ұзақбай Құлымбетов үкімет басшысы болуға әбден лайық еді. Кейін Қазақ Орталық Атқару Комитетінің төрағасы болған Ұзақбай Құлымбетовтың өсуіне Нығмет Нұрмақов көп ықпал жасады. 1922 жылы Н.Нұрмақов Соттың төрағасы болып тұрған жылдары саяси айыппен жауапкершілікке тартылған Ұзақбай Құлымбетовтың ісін тоқтатып, қызметін қалпына келтіргені жөнінде ақпар беретін мұрағат құжаттары сақталған [2].

Мәскеуде 1929 жылдан 1931 жылдың наурызына дейін Н.Нұрмақов марксизм-ленинизм курсының тыңдаушысы болып, курсты тәмәмдаған соң Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің жанындағы Орталық сайлау комитетінің төрағасы әрі БОАК хатшысының орынбасарының бірі болып қызмет атқарыпты. Мәскеулік Орталық Партия Мұрағатының берген анықтамасында осылай көрсетіледі [3].

Оқуда болып, кейін кеңсе жұмысын атқарғанымен, Нығмет Нұрмақов Қазақстандағы сол жылдардағы күннен-күнге өршіп отырған ауыр ахуалды бір сәт есінен шығарған емес. Қолынан келер дәрмені жоқ, кеше ғана үкімет басында отырып Қазақстанның шаруасын бес саусағындай меңгерген азаматтың шырылдап шындықты айтқан ауыр болжамдары келе бастады. Күнкөріс малынан ажыраған ел жаппай аштыққа ұшырай бастады. Енді Н.Нұрмақов Мәскеуде жай ғана қол қусырып отыра алмайды.

Бұл кезеңді Н.Нұрмақов Қазақстанның үкімет басшысы болған жылдарда Мәскеудегі Қазақстанның Өкілеттігін басқарған белгілі қайраткер Әбілқайыр Досов былайша суреттейді: “1929 жылы Мәскеудегі марксизм курсында Қазақ АКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің бұрынғы төрағасы Нығмет Нұрмақов оқып жатты. Мен ол кезде БОАК Президиумының мүшесі, әрі хатшысының орынбасары болып істеймін. Нұрмақовпен айына екі-үш рет кездесіп тұрдым. Көбінесе оның үйіне мен баратынымын. Себебі менің Алматыда істейтіндердің ешқайсысымен жеке байланысым болмағандықтан, біздікіне ешкім келмейтін. Ал оның үйінде қашан болсын Қазақстандық қызметкерлерінің біреу-міреуі, тіпті Мәскеуге іссапармен келген Халкомдарға шейін кездестіруге болатын.

1930 жылдың қаңтарының аяғында болған бір кездесуде Нұрмақов: “Қазақстанда маскара асыра сілтеушіліктер, бассыздықтар орын алуда” деді. “Аудандардағы қазақтар ашаршылықтан шыбындай қырылып жатыр. Оңтүстікте және Алматы облысында іс мынаған дейін жеткен. Қыстыгүні қазақтарға бір жерге үй тіктіріп, бәрін нөмірлеп, әр көшеге партия көсемдерінің, соның ішінде Голощекиннің, Құрамысовтың, Исаевтың есімдерін бергізген,” – деді. Осыны естігенде ашуға булығып, партияның Орталық Комитетіне (ОК) хабарлайық деген ұсыныс айттым. Н.Нұрмақов мырс етіп күлді де “Одан ештеңе шықпайды. Саған сене қояр деймісің. Егер ОК-ға жазсаң, ондағылар әуелі Голощекиннен сұрайды, ал ол қазақ эмигранттары біздегі қиыншылықтарды әсірелеп көрсетіп отыр, жұмыс істеуімізге кедергі келтіруде деп жауап береді де, тағы да кемінде жарты жыл қызмет істейді”, – деді. Бұған қоса, Қазақстандағы заңсыздықтар мен зорлық-зомбылықтар туралы фактілер жинастырып жатқандығын, жинап болған соң ғана ОК-ға хабарлауға болатынын айтты. Кешікпей мені Башкирияға ұзақ мерзімді жолсапарға жіберді,” – дейді [4].

Тарихи құжаттардан біз келтірген үзінділерде кеше ғана үкімет басында отырып, қажырлы ұйымдастырушылық жұмыстың нәтижесінде қалпына келтірілген Қазақстан ауыл шаруашылығының көз алдында құлдырауы мен қазақ халқының құрбандыққа ұшырауына жаны күйзелген Нығмет Нұрмақовтың іс-әрекеті бейнеленеді. Ә.Досовтың жазғаны жалған әспеттеу емес, бояусыз шындық. Мәскеудегі эмигрант қазақ басшыларының ортасында анағұрлым Қазақстанның жағдайын жетік білетін Н.Нұрмақов еді. Елден іссапармен Мәскеуге келген Халкомдардың барлығы Н.Нұрмақовқа жолықпай кетпейтін, әрі күрделі жағдайда ақыл-кеңес сұрауға мұқтаж болатын. Олардың бәрінің басын қосқан Қазақстандағы ауыр жағдай болғанына күмән жоқ. “Не істейміз, Голощекин және оның жандайшаптарының түрі анау” деп дағдарған қазақ басшылары З.Төреғожин, М.Орынбаев, Ғ.Тоғжанов, А.Лекеров, М.Тәтімұмов және т.б. Нұрмақовтың үйіне жиі жиналатындығы айтылады. 1932 жылдың сәуір айында Нұрмақовтың үйінде бас қосқан осындай жиында Нығмет Алматыдағы қазақ қызметкерлері Өлкелік комитетті саяси беделден айыру бағытын ұстанып, ОК алдында абыройсыздыққа ұшырату үшін мынадай шараларды қолдануын ұсынды дейді, Әбілқайыр Досов. Олар:

1. Өлкелік комитеттің өзі ұсынып отырғанындай, коллективтендіруді күшейту керек. Оған қарсыласудан еш пайда жоқ.

2. Елден ауа көшу көбейіп барады. Халық көршілес облыстарға қарай босып жатыр. Ал халық бостан-бос қырылмауы және оларға Мәскеу де назар аударуы үшін босқындарға Сібір, Самара, Саратов, Сталинград губернияларына, Орал жаққа қарай бағыт алуға кеңес беру керек. Біріншіден, бұл жерден олар нан таба алады. Екіншіден, көршілес облыстардағылар көңіл аударады. Н.Нұрмақов М.И.Калининнен Самара Обкомының хатшысы Хатаевич пен Сібір өлкелік комитетінің хатшысы Эйхенің ОК-ға Қазақстандағы жағдай туралы хат жазғандықтарын естіпті.

3. Қазір асыра сілтеуге қарсыласудан келер еш пайда жоқ. Кадрлардан текке айырылып қаламыз, оларды партиядан шығарып жібереді. Мәселен, Төреғожиннің айтқан сөзін тыңдаған кім бар? Олай істесек, бізді де ақымақ қылады. Ең бастысы-халықты сақтау болмақ. Қазақтар көтеріліске шыққан жерлерде қазақ қызметкерлері бітімші болып, ірі оқиғаларға жол бермеуі керек. Себебі қан текке төгіледі.

Тәтімұмов екеуіміз Нұрмақовқа қолдау білдірдік” [4.3].

Бұл құжаттар Ә.Досовтың халық жауы атанып, айыпталу барысындағы 3-томдық тергеу ісінен алынған. Қимыл-әрекеттің түрі, әдісі, бағыттың жобасы Н.Нұрмақовтың табиғатына тән және оның шынайы ұстанымын айқындап тұр. Бүтін қазақ халқының басына зұлмат төнген жылдарындағы Н.Нұрмақовтың жеке күйінішін, өзекті өртеген шындықтарын іс-әрекеттерін біз жоғарыда құжаттардан келтірілген шағын үзінділер айқындап береді. Бастысы ол сары уайымға салынбай, сөзіне тоқтаған қазақ басшыларымен бірлесіп белсенді әрекет жасады. Соның бір бағыты Қазақстанның ішіндегі жағдайды көршілес орыс губерниялары басшыларының аузымен естіртуге күш салған. Мәселен, Ә.Досовқа (1930-33 жылдары БК(б)П Орталық Комитетінде нұсқаушы болған) нұсқаушылар арасында Қазақстандағы ахуал жайлы пікір тудыру тапсырылып, ол жауапкершілікпен орындағанын айтады. Немесе Н.Нұрмақов 1932 жылдың соңында Қазақстан Халком Кеңесінің төрағасы Ораз Исаевтың республикада орын алған апаттың мәнін түсініп, “беті бері қарағанын” жақсылықтың нышаны деп бағалады.

1933 жылдың наурызында Қазақстанға қазақтар “Мырзажан” деп атап кеткен Л.Мирзоян келгеннен соң жіберілген қателіктерді түзетуге бағыт алынды. Нұрмақовтың үкіметті басқарған жылдары қалпына келіп, дамыған ауыл шаруашылығындағы мал басының 40 млн-нан қалғаны 4,5 млн. ғана. Нәтижесінде, өз елінен пана таба алмай босып кеткен қазақ, кетуге шамасы келмегендер ісіп-кеуіп, қырылып қалды. Солақай саясаттың салдарынан өз ата-бабасының жерінде ешбір соғыссыз халқының жартысына жуығын отап жіберген жалпы тарихтан кісі шошырлық трагедияларды табу қиын шығар.

Осынау қиын-қыстау кезеңде де Н.Нұрмақов еліне қолынан келген көмегін беруден аянған жоқ. Соның бір дәлелі мына құжат: “Уфаға Башқұрт Орталық Атқару Комитетіне, Мәскеуден. Дереву телеграф бойынша Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетіне Қазақстаннан сіздердің өлкелеріңізге келген шаруашылықтардың шамамен санын, әсіресе балалардың, олардың қандай жағдайда екенін хабарлаңыздар. БОАК хатшысының орынбасары Нұрмақов” [5]. Осы тектес жеделхаттар Қазақстанды айнала орналасқан бар губернияларға жіберіліп, БОАК-тың тарапынан құзырын пайдаланған Н.Нұрмақовтың ел-жұртына сүйеу болғанына ешбір күмән жоқ. Әйтсе де Мәскеудегі эмигрант қазақ басшыларының ең үлкен арманы Қазақстанға барып, шаруашылықты өз қолдарымен қалпына келтіруде бар тәжірибесі, білімін жұмсау болатын. Өкінішке орай, Т.Рысқұлов, С.Қожанов, Н.Нұрмақовты да Орталық Комитет Қазақстанға жіберген жоқ.

Әділін айту керек, қазақ халқының осылайша шыбындай қырылған қанды тағдырына сол жылдарда билік басында болған қазақ қайраткерлерінің кінәсі мол. Әлбетте қырғынға ұшырату белгіленген бағыт, нақты ұстаным екендігінен бәрі де хабардар болатын. Мысалы, Ф.И.Голощекин 1929 жылдың аяғында Петропавлға барып жергілікті қызметкерлердің алдында баяндама жасағаны сол кездегі басшылардың бәріне мәлім. Сөз барысында, Ресейден Қазақстанға астық даярлау науқанын өткізуге келген “мыңыншылар” егін егіп көрмеген қазақтарға астық салығының неге салынатынын сұрап, қазақтар арасында орын алған аштық жайында айтады. Сондағы Ф.Голощекиннің жауабы: “Елге астық керек, ал қиыншылық кезде құрбандықсыз болмайды”, –деген екен. Қолдан жасалған қиыншылыққа тап болған қазақ малын арзанға орыстың бидайына өткізіп, мемлекетке астық тапсыруға мәжбүр болыпты [4.3]. Бұл заңсыздық жаппай сипат алғандығын жоғарғы басшылардың бәрі де білетін.

Айтар сөзіміздің түйіні, қазақтың ел басқарған басшыларының аса ауыр күнәсі сол, олардың халық мүддесі жолында алдын-ала бірігіп, тірлік қылмауы. Ф.И.Голощекиннің бүтін бір ұлтты жоюға бағытталған заңсыз әрекетке олардың бірігіп қарсы тұра алмағандығы ауызбірліктің болмауынан еді. Тіпті қазақ қайраткерлердің бір бөлігі ашықтан-ашық Ф.И.Голощекиннің сойылын сілтеп, тарих алдында өздерін мәңгіге әшкере етті. Мәскеудегі қазақ қайраткерлерінің әдеттегідей бас қосқан жиынындағы Н.Нұрмақовтың қазақ халқының мүддесі үшін бірігейік деп ұран тастауы күйзелген, аштықтан қырылған қазақ жұрты үшін кеш болды...

1933 жылдың соңында ұлтжанды ел азаматтарының белін қайыстырған, бастарын біріктіре түскен ауыр оқиға алаштың біртуар перзенті, көрнекті қайраткер Смағұл Сәдуақасовтың жұмбақ жағдайда Мәскеуде ауырып қайтыс болуы еді. Марқұмның қайын атасы Әлихан Бөкейхановты қолтықтап жүріп, осы қайғыны “бір кісідей көтеріскен” Тұрар Рысқұлов пен Нығмет Нұрмақов болыпты. “Кім білсін, бәлкім кезінде Тұрар Рысқұлұлы мен Нығмет Нұрмақұлы бастаған бір топ басшылар “Известия” (18.XII.1933) газетіне мұнақып (некролог) жазбаса Смағұлдың қашан өлгенінің өзі де жұмбақ болып қалар ма еді?!”- деп қорытады ойын осы жайлы зерттеген ғалым Дихан Қамзабекұлы [6]. 1925-1927 жылдары Н.Нұрмақов басқарған Қазақстан үкіметінің құрамында Халық Ағарту комиссары қызметінде зор еңбек атқарған тұлғаның есімі атаусыз қалып, бертінге дейін еленбей келгені өкінішті-ақ.

Н.Нұрмақов Мәскеудегі қазақ қайраткерінің ортасында туын биік ұстап, қазақ халқының басына ауыртпалық түскен зұлмат жылдарда да қолынан келгенше көмек берудің жолдарын іздестіруде аянып қалған жоқ. 1933 жылдың күзінде Мәскеуде Т.Рысқұлов (РСФСР Халком Кеңесінің төрағасының орынбасары) О.Исаев (Қазақстан Халком Кеңесінің төрағасы) Ұ.Құлымбетов (ҚОАК-нің төрағасы) т.б. бас қосқан жиынында Нығмет Нұрмақов “бірігу әрқашан менің идеям болды” деп айтуы жай ғана сөз емес деп ойлаймыз. Немесе еңбек ардагері Шәкір Уәлиевтің естелігінде 1933 жылы (айы көрсетілмеген) Мәскеуге жолсапармен барған тұста Нығмет Нұрмақовқа жолығады да әкесінің сәлемін жеткізіп, елдегі қалыптасқан ауыр ахуал туралы әңгімелеп береді. Сонда Нығмет:

“– Шырағым, мынауың жайсыз хабар болды. Мұндағы біздер де әрекетсіз емеспіз... Қазақстаннан жақында ғана бір комиссия оралды. Алайда ол комиссиядағылар: “өлгендер 1928 жылы конфискеленген байлар, жұмыс істегілері келмей, аштан өліпті.” – деп келді. Сонда олары жалған болды ғой... Өз басым хат арқылы да, ВЦИК председателі Михаил Иванович Калинин арқылы да Сталинге, партияның Орталық Комитетіне, одақтық Совнаркомге жеткізген сияқтымын. Осы таяуда ғана Тұрар Рысқұлов та өзара ақылдасып жазылған хатында сол ашаршылық, халық арасындағы нәубет туралы тағы хабарлаған-ды, тағы да комиссия шығуға тиіс ел жаққа. Жасырып қалмай тағы да, солардың шындыққа көз жеткізіп қайтуына күш салу керек болар..” – деген екен [7]. Бұл мәселелер ой қозғап, үміттендіретін жәйттер. Белгілі тарихшы-ғалым Т.Омарбеков Ф.И.Голощекиннің төңірегіндегі қазақ қайраткерлерін сипаттап, баға беру барысында оппозиция көшбасшысының бірі Н.Нұрмақовтың “Голощекиндік саясатты айыптап 1931 жылы М.Мырзағалиев екеуінің И.В.Сталинге барғаны Ф.Голощекиннің хатында айтылады” деп жазды. Шығатын қорытынды – Н.Нұрмақовтың БОАК немесе БК(б)П Орталық Комитетіне Қазақстанда қолдан жасалған аштықтың себептері мен көлемін көрсетіп хаттар жазу мүмкіндігін жоққа шығармаймыз. Сондықтан да Нығмет Нұрмақовтың Мәскеудегі сол жылдарға тән белсенді әрекеті, Қазақстан үкіметінің басшысы болғаны негізге алынып, ол қазақ қайраткерлерінің ішінде ең бірінші болып айыпталды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 ҚРПМ., 141 – қ., 1 – т., 2388^а – іс, 94 – п.
- 2 ҚРОММ., 1380 – қ., 3 – т., 9 – іс, 80 арт. – п.
- 3 Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мұрағаты, -№1152-іс, 1-29 бб.
- 4 Мұсырман Кәрібай. Қан тамған қолжазбалар //Егеменді Қазақстан – 1992. – 10 сәуір. – 3 б.
- 5 Башқұртстан Мемлекеттік Мұрағаты, 993 – қ., 8 – т., 47 – іс, 184 – п.
- 6 Қамзабекұлы Д. Смағұл Сәдуақасұлы. – А., 1996. – 37 б.
- 7 Уәлиев Ш. Нығметпен кездесулер//Орталық Қазақстан.– 1989.– 21 март. – 3 б.